

З.Ж. Мүтиев^{1*}, **Ж.Ө. Мұханбетова²**, **Г.А. Бейсенова³**

^{1,2}М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Қазақстан, Орал қ.

³Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Қазақстан, Орал қ.

*e-mail: zinulla_mutiev@mail.ru

ЖАЙЫҚ-КАСПИЙ ӨңІРІ ӘДЕБИЕТІ: ЖАНРЛЫҚ ДАМУ ӨРІСІ (мысалшы ақын Аманғали Сарқұлов шығармаларының ерекшелігі)

Мақалада Жайық-Каспий өңірі әдебиетінің жанрлық даму бағытына назар аударылған. Зерттеу нысанына аймақ қаламгерлерінің бірі, мысалшы ақын Аманғали Сарқұлов туындылары алынған, аталған жанрды игерудегі ізденістері қарастырылған. Ақынның мысал өлеңдерінің жазылуы, авторлық ерекшеліктері мен стиль табудағы дайындықтары оған дейінгі қазақ әдебиетінің сатира, мысал жанрында қалам тербеген ақын-жазушылар дәстүрінен бастау алатыны айтылып, шолу жасалынған.

Сонымен бірге мақалада мысал жанрының жалпы әлемдік әдебиеттегі даму үдерісі, оны зерттеуші ғалымдардың әрқилы көзқарастары, пікір-пайымдары мен тұжырымдарына, жанрды жаңаша тану мен оның даму, жетілу жолындағы жетістіктеріне оның өткен тарихына сипаттама жасау арқылы тексеруге ұмтылыс жасалған.

Өткен дәуірлерде, қоғам дамуының ғасырлық қозғалысында көркем сөз өнерінің кіші эпикалық жанры боп табылатын мысалды шығармалар әу баста прозалық, кейіннен поэзиялық туындыға айналып дамыды. Әлемдік әдеби-рухани байланыстар жүйесінде ұштаған (Эзоп – Лафонтен – Крылов) боп түзілген жанрдың классикалық түрге айналуында бірнеше халықтар әдебиетінің (дәстүр және жаңашылдық) үлес салмағы жатыр.

Соның ішінде аға буын қазақ мысалшы ақындардың ізін жаңарта жалғап, жанрға жаңаша жан бітірген ақын А. Сарқұлов мысалдарының тақырып аясы күрделі әдеби үдерістерден тұрады. Қазіргі дәуірдегі, қоршаған ортадағы келеңсіз құбылыстарды ақын жан-жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің тілі мен кейпінде аллегориялық тәсілмен сипаттап, аямай сынап, астарлап жеткізіп отырады. Ақын мысалдарының түпкі өзегінде біз өмір сүріп отырған қоғамның ащы шындығы жатырғаны анық, автор өз оқырмандарын одан сабақ алуға шақырады. Мақала авторлары А. Сарқұлов мысалдарына әдеби, ғылыми талдаулар жүргізу нәтижесінде ақын туындыларының мазмұндық, тақырыптық-идеялық мақсатын айқындауға қол жеткізген.

Түйін сөздер: Жайық-Каспий өңірі, әдеби өлкетану, сатира, мысал, поэтика, жанр, аллегория.

Z.Zh. Mutiyev^{1*}, Zh.O. Mukhanbetova², G.A. Beisenova³

^{1,2}Department of Kazakh Philology, M.Utemisov West Kazakhstan University, Kazakhstan, Uralsk

³ Department of Pedagogy, University of Innovation and Technology of Western Kazakhstan, Kazakhstan, Uralsk

*e-mail: zinulla_mutiev@mail.ru

Literature of the Ural-Caspian region: the sphere of genre development (features of the work of the poet-fabulist Amangali Sarkulov)

The article draws attention to the directions of genre development of literature in the Ural-Caspian region. The object of the study is the works of one of the writers of the region, the poet-fabulist Amangali Sarkulov, his way of mastering this genre is being studied. The author notes the originality of the poet's fables style, the author's research and the peculiarities of his language, his purposeful aspiration to master the genre of fables, satire, continuation of the traditions of his predecessors in this field.

At the same time, the article attempts to consider the process of development of the fable genre in the general world literature, to understand the different views, opinions and conclusions of scientists-researchers of this field of literature, the historical periods of the heyday and maturity of the genre, to study and recognize its semantic load.

Many peoples have contributed to the formation of the classical genre of fables such as Aesop, Lafontaine and Krylov (traditions and innovation). In particular, the theme of the fables of the poet A. Sarkulov, who adopted the best traditions of the Kazakh fable genre from senior representatives and gave it a new sound, includes complex literary phenomena. The poet describes and exposes the negative

phenomena of the modern era and the environment in an allegorical form, endowing the animal and plant world with a stridently living language. The poet's fables are based on the bitter truth about the society in which we live, the author urges his readers to learn a lesson from the morality of poems and condemn the vices of society. As a result of the literary and scientific analysis of A. Sarkulov's fables, the authors of the article achieved the substantive, thematic and ideological goals of the study.

Key words: Ural-Caspian region, literary local lore, fable, poetics, genre, allegory.

З.Ж. Мутиев^{1*}, Ж.У. Муханбетова¹, Г.А. Бейсенова²

¹Западно-Казахстанский университет имени М.Утемисова, Казахстан, г. Уральск

²Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, Казахстан, г. Уральск

*e-mail: zinulla_mutiev@mail.ru

Литература Урало-Каспийского региона: сфера жанрового развития (особенности творчества поэта-баснописца Амангали Саркулова)

В статье обращается внимание на направления жанрового развития литературы Урало-Каспийского региона. Объектом исследования являются произведения одного из писателей региона, поэта-баснописца Амангали Саркулова, изучается его путь освоения этого жанра. Отмечается своеобразие стиля басен поэта, авторские изыскания и особенности его языка, его нацеленное устремление к освоению жанра басни, сатиры, продолжение традиций предшественников а данном поприще.

В то же время в статье предпринята попытка рассмотреть процесс развития басенного жанра в общей мировой литературе, разобраться в разных взглядах, мнениях и выводах ученых-исследователей данной области литературы, исторические периоды расцвета и зрелости жанра, изучить и признать его смысловую нагрузку.

Если на протяжении многих веков, в процессе развития человеческого общества, басню считали малым эпическим жанром, то сейчас она представляет собой полноценное прозаическое и поэтическое произведение. Свой вклад в формирование классического жанра басни внесли многие народы, воодушевленные слогом и языком произведений ярчайшей триады в мире мировых литературно-духовных связей (Эзоп — Лафонтен — Крылов) и создавших собственные шедевры (традиции и новаторство).

В частности, тематика басен поэта А.Саркулова, перенявшего лучшие традиции жанра казахской басни от представителей старшего звена и придавший ему новое звучание, включает сложные литературные явления. Поэт в иносказательной форме описывает и обличает отрицательные явления современной эпохи и окружающей среды, наделяя животный и растительный мир пронзительно-живым языком. В основе басен поэта лежит горькая правда об обществе, в котором мы живем, автор призывает своих читателей извлекать урок из морали стихотворений и осуждать пороки общества. В результате литературного и научного анализа басен А.Саркулова авторами статьи достигнуты содержательная, тематическая и идеологическая цели исследования.

Ключевые слова: Урало-Каспийский регион, литературное краеведение, басня, поэтика, жанр, аллегория.

Кіріспе

Кең-байтақ Отанымыз Қазақстанның Батыс аймағын құрайтын төрт облыс (Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау) жағырапиялық ендік бойынша Жайық-Каспий өңірі деп те аталады. Қазақтың көркем әдебиетінің құрамдас бөлігін құрайтын өңір әдебиетінің даму өрісіне назар аудару, сонымен бірге аймақ ақын-жазушыларының шығармашылық өсу жолдарына барлау жүргізу қажеттілігі – бүгінгі қазақ әдебиеттану ғылымының өзекті мәселесі бола алары кәміл хақ. Өйткені ауылда өсіп, далада танылған, кейін қалаға қоныс аударып немесе туған жерін қимай елде тұрып қалған, қалам ұстаған талантты жастардың ақындық, жазушылық қарым-қабілетін танып,

бағалау керектігі туындауда. Алды бірнеше кітап шығарып, ақ сақалды қарияға айналып, соңы ұзақ жылдар өлең сөздің соңына түсіп тандаудан, талғамнан өтіп барып алғашқы тырнақалдысын берумен шектелген қаншама дарындарымыз сынзерттеу назарынан тыс қалып жатырғандығы да жасырын емес. Танылмаған дарындардың көпшілігі ауылдық жерлерде тұрады немесе аудан, облыс орталықтарында өздеріне тән салқынқандылықпен шығармашылық алауын тұтатып, шынайы ізденіспен ғұмыр кешуде.

Жалпы өңір, аймақ ақын-жазушыларының қаламгерлік ұстанымы, ұлт поэзиясына қосар жаңалығы қандайлық деген мәселе де әдебиеттанушыларды (әдебиет зерттеушілерін) ойландырса керек-ті.

Қазақтың мәдени, рухани құндылықтарын дәріптеушілер сапында алдымен көзге түсетіндер ақындар қауымы. Олай болуы да табиғи заңдылықпен ұласады. Өйткені поэзия – әдебиеттің жетекші жанры, кей ретте өлең сөзді жауынгер жанр да санап жүр. Заманның беталысы мен қоғамның тыныс-тіршілігін дөп басып, жүрек тезінен өткізіп, жария ететін де осы лирика тегі және эпикалық жанр түрлеріне жататын шағын көлемді оқиғалы өлеңдер. Жанрлық, тақырыптық тұрғыдан әрқилы әдеби үдерісті тұтастай дерлік бастан кешетін поэзияның қауыз жарып, дән беруі оның егесі ақын талантына байланысты өсіп-өркендейді, дамып-жетіледі. Әдебиеттің тегі мен түрінің қалыпты жағдайда өз табиғатына сай өркен жаюы үшін «Өлең – сөздің патшасы» (Абай) – сөз сарасының «Қиыннан қиыстырар ер данасының» (Абай), яки ақын талантына, оның шығармашылық болмыс-бітіміне қарай сарапталып, бағаланатыны да ақиқат.

Әр ақын өз дәуірінің жемісі, өз заманының айнасы. Ақын біткен өзі өмір сүріп отырған қоғамнан тыс қала алмайды.

Әдеби өлкемізде өлең сөзге аса үлкен құрметпен қарап, ақындық ортаға имене кіріп, өзін ақынмын деп жар салмай-ақ (әлі күнге солай) жайымен суретін салып, картинасын көркемдеп, әзіл-қалжыңға толы шумақтарымен өз оқырманын тауып келе жатқан бір ақын бар. Оның есімі – Аманғали Сарқұлов. Аманғали жас емес, алпыстың бел ортасынын асқан азамат – мысалшы ақын. Ол ұзақ жылдар Жұбан Молдағалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық ғылыми-эмбебап кітапханасында суретші боп жұмыс істеп келеді. А. Сарқұлов – «Қазақ мәдениетінің қайраткері» құрметті атағының иесі.

Сөз өнерінің шағын әрі қысқа түрі саналатын эпикалық жанрда (мысал) ұзақ жылдар қалам тербеген А. Сарқұловтың туындылары ішінара облыстық, қалалық газеттерде жарияланып тұрды, республикалық басылымдарда бірді-екілі көрінгені бар. 2017 жылы «Қорыққан қораз» (Сарқұлов, 2017) деген атпен жеке жинақ боп басылып шықты. Кітаптың Алғы сөзін жазған белгілі ақын, журналист Амангелді Шахин. Аманғалидың аталған тұңғыш кітабының аннотациясында ол туралы: «ғажап сықақшы, ойлы суретші, балбармақ шебер» (Сарқұлов, 2017: 3) деп атап өтеді. Сонымен бірге өлеңдер жинағына ақынның туындыларымен қатар түрлі тақырыптағы өлеңдеріне арнап майлы бояумен салынған суреттері де қоса берілген. Әзіл-қалжыңға құрылған шағын өлеңдер мазмұнына сай салынған суреттер оқырман езуіне еріксіз күлкі үйірілтеді.

А. Сарқұловтың мысал өлеңдері тақырыптық-идеялық жағынан аталған жанр табиғатының қаншалықты дамып, өсу, жетілу өрісін тануға және Жайық-Каспий өңірі әдебиетінің бүгінгі келбетін айқындауға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер

Мақаланы жазу барысында мысал жанрының атасы Эзоптың шығармаларын қазақ тіліне аударған Ә. Бөкейхановтың «Жетпіс жеті мысал» (Бөкейханов, 1994: 340-350) және Эзоп мысалдарының табиғатына барлау жүргізген М.Л. Гаспаровтың (Эзоп, 2005: 5-38), О. Асқар (Эзоп, 2005а: 5-6), Ж. Лафонтен мысалдары мен оны жинақтап, құрастырған В.П. Бугромеевтің (Лафонтен, 2015: 444-447), Крылов мысалдарына және оны түп нұсқадан толық аударып шыққан А. Асылбектің (Крылов, 2010: 3-8), Абай аудармаларындағы Крылов мысалдары (Абай, 1977: 82-109), А. Байтұрсыновтың «Қырық мысал» (Байтұрсынов, 2003: 4-113), Ш. Құдайбердіұлының мысал өлеңдері (Құдайбердіұлы, 1990: 21-126), А.П. Сумароковтың мысалды шығармалары һәм оның табиғатына зер салған П.Н. Берковтың (Сумароков, 1953: 5-44) зерттеулері – осы мақаланың нысанына алынған мысалшы ақын Аманғали Сарқұловтың туындыларын ғылыми-әдеби тұрғыдан тексеріп, қарастыруда негізгі басшылыққа алынды.

Сонымен бірге ХХ ғ.б. қазақ әдебиетінде мысал жанрының түлеп, түрленуіне қалам тартқан М.Ж. Көпеев, С. Дөнентаев, Ә. Бөкейханов, Т. Ізтілеуов, Б. Өтетілеуов, С. Көбеев, М. Байзақов, Н. Наушабаев т.б. ақындар заман ағымына сай жаңғырта дамытып, қоғам дамуының көлеңкелі тұстарын, өз дәуірлерінің шеңбер-шамасында алып, баяндап, сынай жырлады. Мәселен, М.Ж. Көпеевтің «Суырдың өлеңі», «Шайтанның досы» (Көпеев, 2013: 193, 203) т.б., С. Дөнентаевтың «Ауырған арыстан», «Екі теке», «Бит пен бүрге» (Дөнентаев, 1989: 16, 38) т.б., Ә. Бөкейхановтың аудармалары: «Үндістан мысалдарынан», «Толстойдан» (Бөкейханов, 1994: 350-358; 358-367) т.б., Т. Ізтілеуовтің «Лұқпан хакім», «Ата мен бала», «Сүлеймен мен кірпікшешен», (Ізтілеуов, 1982: 87, 91) т.б., С. Көбеевтің «Маймыл мен көзілдірік», «Көлбақа мен Юпитер», (Көбеев, 1988: 246, 250) т.б. ақын-жазушылар мысалдары өткен қоғамның тынысына сай, дөп келді,

Кеңестік дәуірдің беталысын, қоғамның шынайы келбетін ащы ажуа, уытты сатираға айналдырып, мысал өлеңнің жанрлық дамуын, табиғатын түлеткен ақындар А. Тоқмағамбетов-

тің «Ақпарға семірген атжалмандар», «Майға бөккен маңғаз» (Тоқмағамбетов, 1984: 171, 175), т.б., Ш. Смақанұлының «Жапалақтың үйленуі», «Жюриде – өгіз», «Күйелеш торғайлар» (Смақанұлы, 2005: 162, 166, 171) т.б., О. Әубәкіровтің «Арбаның арманы», «Ине мен жіп», (Әубәкіров, 1973: 69, 70) – туындылар мысал жанрының қазақ әдебиетінде қаншалықты дәрежеде дамып, жетілгенін аңғартса керек-ті.

Мақаланы жазу барысында, біріншіден, зерттеудің теориялық және методологиялық негізіне отандық және алыс-жақын шет ел ғалымдарының әдістемелік, сын, зерттеу еңбектеріндегі ой-пікірлері, тұжырымдары басшылыққа алынды.

Екіншіден, идеялық-тақырыптық ретпен саралау, жинақтау тәсілдері, үшіншіден, дәстүрлі ғылыми, әдеби талдау әдістері пайдаланылды.

Әдебиеттерге шолу

Жалпы мысал жанрының табиғаты туралы әдебиет зерттеушілері түрлі қисындар айтып, ой толғайды. Сөз өнерін баптаушылар пікірлерінен қойсақ, мысал туралы қызықты тұжырымдар да кездесіп қалады: «Анайы әдебиеттердегі мысалдармен, сыпайы әдебиеттегі мысал екеуінің арасындағы айырмасы – анайы әдебиеттегі мысалдар былай шыққан: алғашқы адамдар басқа мақұлықтардан ұзап жарымаған. Олар да түрлі табиғат тәсілмен тіршілік ететінін көріп, олар да адамша ойлайды, сөйлеседі, кеңеседі, бірінбірі алдайды, арбайды деп білген. Сондықтан адамның ісін әңгіме қылған сияқты олардың да істерін әңгіме қылған. Онан хайуандар турасындағы ертегілер шыққан. Онан бері келе хайуандар тіршілік еткенімен нақ адамша ойласып, сөйлесіп, кеңес етпейтіндігіне көз жеткізгеннен кейін мақұлықтар турасындағы ертектер өтірікке саналып, бірте-бірте жоғалып, тек мысалдар ғана қалған» (Байтұрсынов, 2013: 168).

Қ. Жұмалиев: «Мысал дегеніміз шағын ғана шығарма. Көбінесе өлеңмен жазылады. Болмысты перделеу түрінде (екінші түрінде) сықақтап сурттейді. Автор өз көзқарасынша адамгершілікке үндейді, мысалдағы қатысушылар адамша сөйлей алатын, адамша күйініп, сүйінетін не айуан не басқа нәрселер болады. Бірақ қатысушы адам да бола береді.» (Жұмалиев, 1960: 232). Жоғарыда айтылған ойды мына пікір толықтыра түседі: «Мысал – әрқашан сатиралық сипатта көбіне аң, хайуанат, зат туралы жазылады да, сол арқылы адам бойындағы мін, әлеуметтік ортадағы кемшілік күлкіге, келекеге, мазаққа айналдырылып, сықақпен сыналады. Мазмұны

бүкпелі болғанымен, идеясы астарсыз, ашық, тура, мірдің оғындай шымшыма, шымыр келеді» (Қабдолов, 1982: 305). Ұлы әдебиет сыншысы В.Г. Белинский И.А. Крыловтың мысалдарына әр қырынан алып, жан-жақты талдау жүргізе келе «Рассказ и цель – вот в чем сущность басни; сатира и ирония – вот ее главные качества. Крылов, как гениальный человек инстинктивно угадал эстетические законы басни. Можно сказать, что он создал русскую басню» (Белинский, 1948: 716) – дейді де Крылов мысалдарын тақырыптық-идеялық тұрғыдан үшке бөліп көрсетеді.

Көпшілік зерттеулерде мысал жанрының пайда болу тарихының басында әрине Эзоп пен Лафонтен тұрады деп тұжырымдайды. Белинский бұны жоққа шығармайды, алайда «Эзоп не годится для нашего времени. Выдумать сюжет для басни теперь ничего не стоит, да и выдумывать не нужно: берите готовое, только умеете рассказать и применить» (Белинский, 1948: 716) деп бір кеседі. В.Г. Белинскийдің Эзоптан кейінгі Лафонтен хақындағы ойларында Крыловтың замандастары, мысалшы ақындар И.И. Дмитриев пен И.И. Хемницердің туындыларын Лафонтеннен аударылған не соған ұқсатып қайта жазылған деп есептейді.

Әлем әдебиеттануында мысал жанры қалай қарастырылуда, қай қыры тексеріс көзіне ілінген десек, шетел ғалымдарының ғылыми зерттеулері назар аудартады. Мәселен, И. Маркесидің «Еркін тілдің іздері: Гораций, Петрониус және риторикалық мысалдар» (Marchesi, 2005: 307-330), Х. Лестердің «Әдебиет – мысал, мысал дәлел ретінде» (Lester, 2009: 369-385), Э. Тайсонның «Руссо және мысал: білім философиясының ертегілік табиғатын қайта қарау» (Tyson, 2012: 323-341), У.Айгюнның «Мысал әдеби жанр ретінде және мысалдық талдау» (Augün, 2013: 105-115) аталған зерттеулерінде мысал жанрының көркем әдебиеттің ажырамас бір бөлігі деп танылып, теориялық, практикалық тұрғыдан дәлелденеді. Британдық философ Х.Дж. Блэкхэмнің «Мысал – әдебиет ретінде. Әдеби сындағы иконикалық мәтіндер» зерттеу кітабында (Blackham, 2013) әдебиеттің қызықты және назардан тыс қалған аспектісін зерттеп, онда автор Эзоп пен гректерден бастап қазіргі фантастикадағы мысал шығармалардың қайта жандануына дейін еуропалық әдебиетте мысал жанрының дамуы мен қолданылуын тексеріп, қадағалайды. Бұл еңбек көркем әдебиеттегі мысалдың алғашқы байыпты зерттеуі қатарына енеді.

Сонымен бірге Х. Кайхан, Б. Мохаммадзаде мысал жанрының табиғатына назар аудар

келе: «A fable is a literary genre where its animal and plant characters aim to give a lesson or advise or point a moral. Fables are made up of four parts. These are: introduction, rising action, denouement and the moral. In addition, lessons related to life are given to the reader via symbolic values» (Kayhan, Mohammadzadeh, 2018: 6), яки мысал дейді, – жануарлар мен өсімдіктердің кейіпкерлері, олар өмірден сабақ алуға, ақыл-кеңес беруге немесе адамгершілікті көрсетуге ұмтылатын әдеби жанр. Мысалдар төрт бөліктен тұрады. Олар: кіріспе, өсу әрекеті, айыптау және мораль. Сонымен бірге өмірге қатысты тағылымдар, символдық мағыналар арқылы оқырманға беріледі деп ұғындырады.

Нәтижелер мен талқылау

Әлем әдебиетінде мысал жанрының негізін қалаған Эзоп (2005), Ж. Лафонтен (2015), И. Крылов (2010), А.П. Сумарак (1953) сынды ақындар үлгісін қазақ поэзиясында XIX ғасырда А. Құнанбаев (1977), Ш. Құдайбердіұлы (1990), XX ғ.б. А. Байтұрсынов (2003, 2004), М.Ж. Көпеев (2013), С. Дөнентаев (1989), Ә. Бөкейханов (1994), Т. Ізтілеуов (1982), С. Көбеев (1988) т.б. ақындар заман ағымына сай жаңғырта дамытты.

Кенестік дәуірдегі орыс әдебиетінде Д. Бедный (1964), С. Михалков (1971, 1984), қазақтың кенестік дәуірдегі әдебиетінде сатира сардарлары А. Токмағамбетов (1984), Ш. Смақанұлы (2005), О. Әубәкіров (1978), т.б. сықақшы, мысалшы ақындар өздеріне тән машық, стиль тауып, аталған жанрды дамытушылар қатарынан көрінді.

Тәуелсіздік жылдарынан кейінгі әдебиетке әзіл-сықақ, мысал жанрында қалам тербеушілер қатарында өз үнімен, өзіне тән нақышпен келген ақындар қатарында Аманғали Саркұлов та «мен мұндалап» тұр.

Сықақшы А. Саркұловтың мысал өлеңдері тақырыбы мен идеясына қарай бірнеше бағытты қамтиды. Ақынның қырағы жанарынан өзі бір мүшесі боп табылатын қоғамның, ондағы өмір сүріп жатқан тіршілік иелерінің жағымды-жағымсыз бейнелері тысқары қала алмайды. Өмірдің өзінен алынған ұнамсыз типтерді ақын аяусыз сынап, мінеп мысалға айналдырады. Мысалдың табиғатына сай жанрлық қызметінде жетекші рөлге ие троптың бір түрі аллегория десек, аталған тәсілді сықақшы шебер меңгерген сыңайлы. Кейіпкерлері жан-жануарлар мен айуандар, шыбын-шіркей мен құрт-құмырсқа немесе құстар түрлері болғанымен автор олар-

дың образын еш боямасыз реальды қалпында береді. Мәселен, «Құс сынағы» аталған ұзақтау туындыда бас төрешілікті мекиен бастаған құстар: түйғын, сұңқар, қаршыға, лашын, бүркіт, үкі сынды жыртқыштардың баршасы жиылып өзге құстардан (жыртқыш емес) емтихан алады.

Құс біткеннің төресі,
Мекиен бас төреші,
Түйғын, сұңқар және бар
Жақсының туыс бөлесі.
Көре салып лашынды,
Құс біткенің қасынды,
Қаршыға, бүркіт, үкі бар
Сұрамайды жасынды.
Тұмсығынан сұс тамған,
Қанатын қомдап, ұшталған
Кілең жайсаң тізіліп,
Емтихан алды құстардан (Саркұлов, 2017:8)
(Құс сынағы)

Өңкей ығай мен сығайдан құралған комиссия алдында емтихан тапсырушылар кімдер десек, өз күндерін өздері көріп жүрген бейбіт өмір құстары: кептер, қасқалдақ, тырна, үкі, қарға, жапалақ, сауысқан, дуадақ, шымшық, көкек, түйғын, торғай. Автор сынақ тапсырушылардың сол сәттегі күй-жағдайларын тап бір адам басынан кешкен жағдаят түріндей етіп бейнелей жырлайды. Әрине мысал өлеңде әр персонаждың бұл өмірдегі типтік бейнесі бар болуы керек. Оны оқырман өзі іштей сезіп, көріп, танып отыратыны анық. Мәселен, емтихан тапсырушы кептерді ақын былайша бейнелейді:

...Окшаулау тұрған шеттегі,
Шақырды ішке кептерді.
Сұрақты бірден жаудырып,
Асықтастан тексерді.

Ал жапалақтың жолы кептерге қарағанда жеңілдеу болған сыңайлы. Өйткені оны:

Бітпейтін неткен баспалдақ,
Кимелеп бәрін қапталдап,
Қалың топты қак жарып,
Тапсырып шықты қасқалдақ –

деп сипаттайды ақын. Қасқалдаққа қарағанда тырна байғұс емтиханды қиналып тапсырыпты:

Көп күттіріп тұрмады,
Шақырды ішке тырнаны.
Терлеп шықты бұл сорлы
Ешкімге мойын бұрмады.

Осы сынды ақын әр құстың емтихан тапсыру сәтіндегі бастан кешкен көіл-күй ахуалын бір-біріне ұқсатпай, әрқилы сипатта бере білген. Өлең мәтінінен қиналған сәтте үкіні «апалап» жүрген жапалақты, бас бармағын шошайтып, өзін зор санаған қарғаны: «Төрт» болар деп сызданды, «Үшке» де жетпес салмағын» деп ажуалайды.

Ақын А. Сарқұлов әр құстың бейнесін беру арқылы адам баласының бойындағы табиғи мінез-құлықты, пендеге тән болуға тиісті бірде ұнамды, бірде жағымсыз жағдаяттарды терең психологиялық тереңдікпен жырлай алған.

Аманғалидың «құстар класындағы» мысалдарының қатарын «Қарағым» – Қарғам, жарадың!», «Қорыққан қораз», «Қара тауықтың балапандары» т.б. туындылары толықтыра түседі. Әр өлеңінің астарында айтар ойы бар. Әр құстың атына, жаратылысына сай белгілі бір характері бар. Автор әр құс кейіпкеріне мінездеме беруде ізденіс танытады және оның сипатын толық ашу үшін өзге де әріптестерімен қарым-қатынасын мейлінше жандандыра түседі. Ақын мысалдарының және бір ерекшелігі оқиғасы күрделі хәм қою боп келеді. Оқиғаға қатысушы кейіпкерлерінің саны да мол. Автор әр кейіпкеріне ерекше көңіл бөліп, олардың ара жігін бір-бірінен онша ажыратпай бір-бірімен тығыз байланыста ұстайды. Мәселен, жоғарыда талданған мысалда («Құс сынағы») емтиханға «комиссиясы» бар, «студенті» бар ұзын саны 15 (он бес) құс-кейіпкер қатысса, «Қарағым» – Қарғам, жарадың!» аталған мысал өлеңде олардың саны өсе түседі, бір-ақ айырмашылығы – кейінгі туындыда олардың қатарын үй құстары толықтырады (алдыңғы өлеңде негізінен дала құстары басым болған-ды).

Ақын бұл мысалында да комиссия құрғызып, қанаттылар арасында әншілер байқауын ұйымдастырады. Бұл жолғы әділқазылар мүшесіне Сауысқан, Кептер, Тауық енеді. Ал өнерлілер додасында бақ сынаушылар қатарынан кімдер табылды десек:

Құс біткендер топтасты
Өнерін шындап өңірде.
Дауысы нәзік, назды:
Қырғауыл мен Қазды,
Бөдене, Тарғақ, Безгелдекті
Тырна тізімге жазды
Қиралаңдап билеп,
Балапандарын сүйреп,
«Триосын» тіркегті
Аламойын Үйрек! (Сарқұлов, 2017: 11)
(Қарағым) – Қарғам, жарадың!)

Өлеңде нағыз әнші, тума таланттар: Сандуғаш, Бұлбұл, Тоты, Қарлығаштардың жолы кесілді. «Әділ қазылар» тарапынан оларға тағылған «міндер» де қилы-қилы. Байқаудың әділ өтпегенінің дәлелі – Қарғаның «Қарағым» атты балапаны әншінің жүлдегер атанып, финалға шығуымен қорытындыланады. Оның бар «өнері» – «Қарқылдағанда көзі жайнады». Сорақысы – «Нотасын берген – Тақық / Сауысқан жазған сөздерін».

Оқиға соңы Қарғалар қауымының «Азан да қазан «аншлаг» жасап, ышқырып, қышқырып, «Қарағымның» нағашысы сүйінші сұрап, қырдағы тумаларына «SMS» жолдап жатқанымен аяқталады.

Ақынның бұл мысал өлеңінің түпкі астарында өмірде болып жататын келеңсіз құбылыстар аяусыз сыналған. Қоғамның ауыр дерті әшкереленіп, тамыр-таныстыққа жол берген заманда тұлпарлардың сүрініп, жабағылардың жүйрік атанып жататын жағдаяты аллегориялық тәсілмен баяндалған. Құстар класын, қанаттылар табиғатын жете білген автор оларды түр-түсіне қарай ажыратып қана қоймай, әрбірінің өлең мазмұнында атқаратын қызметін белгілі бір дәрежеде сәйкестіре білер шеберлігі аңғарылады.

Аманғали Сарқұловтың өз кейіпкерлерін мысалға алған құстар әлемінен өзге де жан-жануарлар мен мақұлықтарға теңеген және ол салыстырулары сәтті шыққан туындылары да оқырманна ой салып, жақсыдан үйренуге, жаманнан жиренуге жетелейді. Айталық, «Көк текенің тағдыры» аталған туындысында оқиға өз жатағынан безіп, жас шыбышпен әуейі болып, дала кезіп кеткен Тәкеңнің (көк теке) ақыр соңында иесінің қолына түсіп кестірілуімен аяқталады. Көк текенің шошаң мінезін автор:

Жүрген жері – серілік,
Озбырлық, шатақ, перілік
Еріне тұрып орнынан
Құмалақ шашты керіліп.
Топқа басын шайқады,
Мүйізімен жайпады.
Жақындап барып шыбыштың
«Фигурасын» байқады.
Білдірмей келіп сыбысын,
Шығарды ептеп дыбысын (Сарқұлов, 2017: 17)
(Көк текенің тағдыры) –

деп әсірелесе, Шыбыштың да «кет әрі емес» қылығын көпке жайып салады:

Құйрығын қозғап,
Құйқылжып
Шыжбындай қалды шыбышың.

Бақыттан басы айналған Тәкең көзі алақтап,
мазасы кетіп, жалтақтап, тілі шығып, салпақтап,
сұм Шыбыштың артынан еріп жүре береді.

Оқиға соңында әдемі Шыбыш жас текемен
кетеді. Текесіз қалған Қара ешкі өзге текеден лак
туып, Тәкеңнің абыройын айрандай төгеді.

А. Сарқұловтың «Масаның масқарасы» мысалында қазіргі қоғамда жастар арасында үлкен дертке айналған өзекті мәселені қозғайды. Оқиға эп дегенен күрделі басталады.

Қуалап қуыс, тасаны,
Жүкті болған Масаны
Қабылдап Шыбын астыртын,
Жасанды түсік жасады.
Масалар жаулап қапталды,
Шыбынға келіп бассалды.
Оңтүстіктен келіп ірісі
«Разборка» басталды... (Сарқұлов, 2017: 34)
(*Масаның масқарасы*)

Масаның «жанашырлары»: «Кұрт, көбелек,
қара күйесі бар, / Сотталған Сопа мен Бүйесі
бар, / Құжынаған Бытықана / Кілең қанатты –
киесі бар» – баршасы жабылып, Шыбын байғұс-
қа қатаң талап, шарт қояды:

Шарт қатаң:

Жоғалған қан орнына қан,
Қисапсыз ақша немесе жан беруге тиісті.

Бұл мысал өлеңде жәндік тілімен әлеуметтік мәселе де қозғалып, насекомдармен күрестің жоқтығы немесе бәсеңдеп кеткені де айтылып, ақын назарынан тыс қалмайды.

Ақынның «Сарышұнақтың сарайы», «Сарышұнақтың келіні» аталатын мысалдың алғашқысында адам баласының дүниеқоңыздық сияқты тойымсыз құлқындарын сынға алады. Сонымен бірге елдің есебінен баюды мақсат еткен дүниеқұмар пенделердің тамыр-таныстық жайлаған қоғамда ұяттан безген озбыр қылықтарын аллегориялық тәсілмен жетесіне жеткізе баяндайды.

А. Сарқұловтың бұл мысалынан қоғамды жайлаған жегікұрттай ұйымдасқан жемқорлықтың бір үзік үлгісін көргендей боламыз. Ащы да болса ақиқатты ашық айтқан автордың мысалдарында заман күйінің ауыр зардаптары жатыр.

«Мысықтың өлімі» мысалында мысық тұқымдастардың баршасы жиналып, өз қандастарын соңғы сапарға шығарып салу дәстүрі баяндалады. Дерті асқынып, жаны қиналып, өлім алдында жатқан Мысықтың бауырластарын автор әр қырынан алып таныстырады. Мысалы, Арыстан туралы:

Әділдік үшін алысқан
Бүгінде шаршап,
Аяқтары шалысқан,
Арғы аталарынан айбынды
Арыстан келді алыстан –

десе, Жолбарыс хақында:

Биіктеген бағасы,
Қазіргі ел ағасы,
Әкім – Жолбарыс жетті
Мысекеңе – нағашы –

дейді. Ал Сілеусінді:

– Атадан дара біреусің,
Жолеке, өзің тіреусің –
Деп кемсеңдеп оған
Көңіл айтты Сілеусін (Сарқұлов, 2017: 42)
(*Мысықтың өлімі*)

Жалпы алғанда ақын А. Сарқұловтың мысал өлең жазудағы шеберлігі әр алуан десек, соның бір қыры ол нысанаға алған өз кейіпкерлерін әдемі әзілмен көмкерілген сипаттама беруе білуінде. Ақын сонымен бірге оқиғаның өту бағысын оқырманын шандыра, иландыра нақты детальдармен бекіте суреттейді. Оқиға кейіпкерлері аңдар емес, бейне бір адамдар сықылды қабылданады. Бұлай болуы да заңды. Өйткені аллегориялық мысал астарында адам баласының бетперде жамылған шынайы келбеті жатырғаны анық.

А. Сарқұловтың емханадағы келеңсіздікті арқау еткен мысалы «Иттің сырқаты» аталады. Ауруы асқынып, үруден қалған ит «Тәлтіректеп, қағысып, / Жүні егіне жабысып, / Емханаға әрең жетті / Іш-құрсағы қабысып», дәрігерге барады. Арыз-шағымы:

«Төбет едім төзімді
Түсінуден қалдым өзімді.
Сілекейім шұбырып,
Аша алмаймын көзімді.
Тап болды бітпес әбігер
Көмектесе гөр, дәрігер!» (Сарқұлов, 2017: 49)
(*Иттің сырқаты*)

Ауырған иттің мойнын, бас, жауырын, сауырын сипап, жүрегін тындап, бүйрегі мен бауырын түртіп көріп, әрлі-берлі қараған дәрігер: «Қабынған екен бездерің, / Қалай ғана сезбедің, / Болған шығар күшік күніңде / Қатты қорыққан кездерің!» тағы сол сияқты «Табаныңа сыз бар-

ған, / Қарашықтарың қызарған, / Жұтқыншағын кеңейіп, / Тілің де ұзарған» т.б. сан түрлі жаттанды ауру болжамдарын айта келе:

«Ісінген екен дененің,
«Наркоз» жасап, егеміз,
Диагноз дұрыс болуы үшін
Ішінді жарып көреміз.
Ауыртпай соямыз,
Паразиттерді түгел жоямыз,
Бәрі дұрыс болса
Порталға қоямыз» –

деген ұйғарымға келеді дәрігер. Бұндай «соқыр» шешімге ит тегінің түсі қашып, өзі де қашып, шыдай алмасы анық-ты. Өз мамандығын терең меңгермеген шала дәрігердің бейне-сықпытын мысалшы дәл көрсете білген.

Мысалшы ақын А. Сарқұловтың тақырып аясы аса кең. Ол өз шығармаларына тек жан-жануар, мақұлық-айуандарды кейіпкер етпейді, сонымен қатар өсімдік, жеміс-жидек, көкөніс әлемінің «өкілдері» де мысал бола алған. Ақынның әдіс таңдаудағы шеберлігі сол – адам баласының жағымсыз образын сомдау мен қоғам ақауын түзету мақсатында нысанаға алынған предметінің қай-қайсысы да поэзия тілінде ұғынықты сөйлеп, туынды идеясының түпкі өзегін таныта, жеткізе біледі. Мәселен, «Қияр мен кактус», «Салат» аталған мысалдар өрімінде көкөністердің өз ара «ағайыншылық байланысы», бірін-бірі жақын тұтқан аралас-құралас тұрмыс-тіршіліктері баян болады.

Ақын мысалдарында көкөністер емес, бейне бір адамдар басынан өткен оқиғалар, жағдаяттар баяндалғандай көрінеді. Ақынның өзіне тән шеберлігі сол – қай тақырыпты қозғаса да көтерген мәселесін айнала зерттеп, тірек сөздерді соның айналасына құрады. Айталық, бас кейіпкер етіп алған көкөніске қатысты онымен тектес тағы да қандай жеміс-жидек немесе оған қатысты құрамдас бөліктер бар десек, ақын А. Сарқұлов соның баршасын өз мысал-өлеңінің мазмұн-байлығын арттыруда тиімді пайдалана алады.

Мысал жанрының табиғатына тән қасиеттің бірі және алғы шарты баян болар оқиғаның кейіпкері көбінесе екеуден кем болмауында. Өйткені мысалда салыстыру әдісі міндетті қажетті компонент саналмақ. Олай болмаған жағдайда тақырып ашылмасы анық. Бұл ұстаным А. Сарқұлов мысалдарында жақсы жолға қойылған. Кейіпкерлері мол әрі әрқилы болмыста оқиғаға қатысып, оның сюжетін қоюландыра түседі. Мәселен, жоғарыда сөз болған «Құс сынағы» мы-

салында ортақ кейікердің (бас төреші Мекиен) айналасында кімдер жоқ дейсіз, авторды кәдімгі бір маман-зоолог па деп қаласыз. Құс біткеннің баршасы: Түйғын, Сұңқар, Лашын, Қаршыға, Бүркіт, Үкі, Кептер, Қасқалдақ, Тырна, Жапалақ, Қарға, Сауысқан, Дуадақ, Шымшық, Көкек, Торғай – міне, осы он жеті кейіпкер құстар туындыға әр, өң беріп, оның көркемдік нәрін арттырған. Шығармада әрбірінің өзіндік салмағы бар. Ақын оларды жай атай салмаған, әрқайсысына өз қызметтерін орындатып, адам баласына тән сипаттарды, мінез-құлық дағдыларын дарытқан.

Сол сияқты «Қарағым» – Қарғам, жарадың!» мысалындағы тағы да бір топ қанаттылар: Қарғаның балапаны (бас кейіпкер), Қырғауыл, Қаз, Бөдене, Тарғақ, Безгелдек, Тырна, Аламоиын Үйрек, Сауысқан, Кептер, Тауық, Сандуғаш, Бұлбұл, Тоты, Қарлығаш (барлық саны – 15) – өз міндеттерін мінсіз атқарып, туынды желісінің күрделенуіне ұйытқы боп тұр.

Автордың құстар класын жетік білумен ғана шектелмей, соған қоса насекомдар класынан, олардың табиғатынан да хабардар екендігі «Масаның масқарасы» мысалында анық байқалады. Өлеңдегі: Маса, Шыбын, Құрт, Көбелек, Қара күйе, Сона, Бүйе, Бытықана, Бүрге – осы тоғыз жәндік шығарманың көркемдік қуатын орнықтыруға ат салысқандығы аңғарылады.

Ал жануарлар әлемі (фаунасы) А. Сарқұлов мысалдарында ерекше сипатқа ие. Аң дейсіз бе, хайуан, үй жануары немесе мақұлық дейсіз бе олардың бірнеше түрі ақын мысалдарына кейіпкер болып, адам баласына тән мінез-құлықтарды иеленіп, өмірдің келеңсіз жәйттерінен сабақ алуға шақырады. Айталық, «Мысықтың өліміндегі» Арыстан, Жолбарыс, Сілеусін, «Сарышұнақтың сарайындағы» Атжалман, Қосаяқ, Борсық, Күзен немесе «Спартакиада» мысалындағы Бөрі, Қабан, Төбет, Күзен, Қарсақ, Қоян, Айғыр, Бұқа, Сарышұнақ, Түлкі, Борсық, Ит, Қашар, Теке, Кірпі сияқты хайуан тектестер өз жаратылыстарына сай образға еніп, өмірде кездесіп жататын жағымсыз құбылыстарды әшкерелеуге ат салысқан.

Ақын мысалдарында жаппай орын алған жануарлар мен жәндіктердің, құстардың қай-қайсысының да іс-әрекеттері оқырманға ой салып, қоғамдағы келеңсіз құбылыстарды әшкерелеуге, одан сабақ алуға шақырады. Мысал өлеңдегі кейіпкерлердің әр алуандылығы мен молдығы туындының жанрлық ерекшелігінің кең мүмкіндігінің бар екендігін аңғартқандай.

А. Сарқұловтың мысал өлеңдері мен суреттеріне назар аударған ақын, сатирик А. Шахин «Ол

көтеріңкі көңіл-күйге дем беретін қажетін алысқан арбап, жақыннан тербеп арам тер болмайды. Құстар мен көбелектерді қанатынан қағып алып, аңдар мен мақұлықтарды құлағынан тізіп, жәндіктерді желкесінен бүріп сайрата береді. Қыл қаламды ұстаса қалжыңбас кескіндерді мүсіндеп, жазып кетсе сайқымазақ мысалдарды топырлата салады» (Сарқұлов, 2017: 5) – дейді.

Шынында да А. Сарқұлов туындыларындағы аң-құс кейіпкерлер өз міндеттерін мінсіз атқарып, шындықты, ақиқатты ашық айтып мойындатуға, өмірдің ашы, күлгін оқиғаларынан сабақ алуға баулиды. Тәлім-тәрбиелік ықпалы күшті мысалдардың астарында қоғамда болып жататын, кездесіп қалатын жағымсыз құбылыстар әсерлі берілген. Әсіресе бірімен-бірі сабақтас екі кейіпкердің оқиғасына, диалогына құрылған көлемі шағын мысал өлеңдерде ақын жағымсыз құбылыстарды тұспалдап, ишаралап көрсетіп, оқырманға ой салып, адам бойындағы кемшіліктерді астарлап жеткізуге шебер. Мәселен, «Джинси мен шұлық», «Несие мен жалақы», «Ауыз бен қасық», «Құмалақ пен құрт», «Қайшы мен тарак», «Сақал мен мұрт», «Балға мен шеге», «Сазан мен шортан» т.б. мысалдарда бірімен-бірі өзара жақын, бірінсіз бірі күн көре алмайтын, алайда өз басына күн туғанда, сытылып кететін немесе сатып кететін пенделердің пәтуасыз тірліктерін мысалдап сөз етеді. Автордың фәлсафалық пайымынша өмірдегі тіршілік иесінің қай-қайсысы да дара шығып қоғамнан, өзін қоршаған ортадан алыстап кете алмайды, яки жаратылыс иесі оларды бір-біріне тәуелді етіп қойған. Сол себепті де олардың өмір сүру дағдыларында жетісіктермен қатар кемшіліктер де жетіп артылады.

Күнделікті өмір ағымында кездесіп қап жататын қазақы қалжыңға құрылған, алайда оқырманға ойсалып кететін мысал шумақтарының қатарын «Сериал», «Есептен жаңылған кемпір», «Келіннің кердеңі», «Сайдтағы» «сылқым», «Мерседестің «желі»», «Самопалдың шарты», «Ақмәмбеттің кандидатурасы», «Берекесіз бизнес» т.с.с. өлеңдер толықтыра түседі. Бұл туындылардағы басты идея адам баласының алға қойған мақсат-мақсаттарының орындалуында кеткен кемшіліктер, жиі кездесетін қателесулер, адами-имани ұстанымдардан аттап кету, бейберекет өмір сүрудің көңілге көлеңке түсіретін сәтсіз суреттері, пайда мен зиянның қатар жүруі, ар мен ұяттың шекара шеңберінен шығып, мазаққа айналуы – қазіргі замандағы мысал өлеңнің жанрлық өрісінің жайылу, таралу аймағын аңғартқандай.

Қорытынды

Көне Грекияның (Эзоп) топырағынан бастау алып, ғасырлардан – ғасырларға ұласып, Жаңа дәуірде Еуропа көкжиегінде: Франция (Ж. Лафонтен), Германия (Х. Геллерт), Англия (Т. Мур) кемеріне толыса дамып, Ресейдің (И. Крылов, И.И. Дмитриев, И.И. Хемницер т.б.) орманында өсіп-толысып, Қазақ даласында (А.Құнанбаев, Ы. Алтынсарин, Ш. Құдайбердіұлы, А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, С. Дөнентаев, т.б.) өркен жайған мысал жанры қазақ әдебиетінің тарихында (ол таптық иә мейлі тапсыз болып бөлінсе де) өзінің табиғи қалпын, жалпы жаратылысын сақтай дамып келеді. Ұлт әдебиетінің жүріп өткен жолыны үңілсеңіз, өзін кәсіби мысалшы санап, қалам тербеген қаламгерлер аса көп те емес. XX ғ.б. есімдері жоғарыдан белгілі ақын-жазушылармен қатар Д. Бабатайұлы, М.Ж. Көпеев, Б. Өтетілеуов, С. Торайғыров, С. Көбеев, Т. Ізтілеуов, М. Байзақов, Н. Наушабаев т.б. аударма және төл мысал өлеңдерінің тақырыбы негізінен олар өмір сүрген дәуірдің келеңсіз құбылыстарын мысқылдауға, болашақ адамының, келешек ұрпақтың жаманнан жиреніп, жақсыдан сабақ алуына бағыттталып, дидактикалық қуаты, үгіт-насихаттық ықпалы зор болды.

Кеңестік дәуірдегі қазақ сатирасында А. Тоқмағамбетов, Ш. Смаханұлы, О. Әубәкіров, М. Рәш, Қ. Ілияс сынды кәнігі сықақшы-мысалшы ақындар қатары кейіннен сиреп, селдіреп қалды. Әйтсе де қазақ әдебиетіндегі сатира сардарлары Ғ. Қабышұлы, Ү. Уайдин, К. Әмірбек, Б. Садыр, Е. Жаппасұлы, Қ. Тұрмағанбетұлы, М. Шерім т.б. ақындардың сын-сықақ, әзіл-оспақ өлеңдерінде мысалдың нақты өзі болмағанымен, оның белгілі бір элементтері яки тұспалды қоспалары байқалды. Өйткені бүгінгі дәуірдегі сатираның атқаратын қызмет мазмұны: мансапқорлықты, масылдықты, жалқаулықты, жемқорлықты тағы осы сияқты қоғамды аздырып, жегіқұрттай іштей жеп жатқан кінәраттарды ашып көрсету болса, осыларды астарлап, тұспалдап, ишаралап кейде салыстырып, бір нәрсеге теңеп жеткізу – мысал жанрының әлі жоғалмағанын аңдатады.

Ал осы мың жылдық тарихы бар мысал өлеңнің қаймағын бұзбай, жанрлық табиғаты мен мазмұндық-тақырыптық стиль-формасын, идеялық мақсат-мұратын сақтай, қазіргі қоғам дамуындағы моральдық қызметін, ғибраттық өнегесін классикалық үлгіде жырлай алған ақын – ол Аманғали Сарқұлов.

А. Сарқұлов мысалдарында біз өмір сүріп отырған қоғамның осал тұстары яғни «ауруы», көлеңкелі құбылыстары, адам баласын аздырар материалдық құндылықтарға құл болу сияқты кемшін тұстар жырланып, сынға алынады. Ақын мысал өлеңнің жазылу табиғатына сай өз көзімен көріп, куә боп отырған заманның хал-ахуалын аталған жанрдың басты құрал-ілігі саналатын жануарлар мен аңдардың, мақұлықтар мен хайуандардың, құстар мен жәндіктердің тілінде сайратады. Сонымен бірге оқиға кейіпкерлері әр пенденің күнделікті тұрмыс-тіршілікте тұтынатын заттары немесе өсімдіктер түрлері: көкөніс пен жеміс-жидек кей реттерде адамның он екі мүшесінің бірі боп келеді. Автор мысал өлеңге кейіпкерін жайдан-жай таңдамаса керекті. Туындының тақырыбы мен идеясына қарай әр персонаждың жанр ерекшелігіне байланысты атқаратын қызметі, көтеретін жүгі бары анық. Алайда астарлы ойдың, мысқыл-тұспалдың арғы жағында адам бейнесі сығалайтыны, оның берекесіз тіршілігінің харакеті тұрғаны анық. Өз

оқырманының жүрегіне жол табуда ақын мысал оқиғасын қоюландырып, шығарма фабуласын күшейтіп, бір өлеңнің ішінде кейіпкерлерінің санын көбейту арқылы олардың іс-әрекетін күрделендіріп беруді қош көреді. Солай бола тұра әр персонаж мысал өлеңде жетекші рөл атқарып, шығарманың көркемдік шырайын еселей түседі. Ақын тақырып таңдау мен оны түрлендіруде шығармашылық ізденіске барып, қоғам дамуының аяғына тұсау болып отырған келеңсіз жәйттерді аямай сынға алады және оқушысын ондай кемшін құбылыстардан сақтандырып, болашақта тәрбиелік мәні зор ғибрат алар ой салады.

Түйіп айтқанда, ақын А. Сарқұловтың мысал өлеңдері аталған жанрдың заманауи жетілу үлгісін байқататын жаңалығы мол көркем әдеби шығармалар қатарынан орын алады деуге толық негіз бар.

Зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті қаржыландырады (грант №AP19676441).

Әдебиеттер

- Blackham H.J. The Fable as Literature. Literary Criticism Landmark Texts (Bloomsbury Academic Collections), Title By Title. – London. Bloomsbury Academic, 2013. – p. 253
- Ilaria M. Traces of a Freed Language: Horace, Petronius, and the Rhetoric of Fable. // Classical Antiquity 24 (2), 2005. – P. 307-330.
- Kayhan H., Mohammadzadeh B. The Use of Fables in Science Laboratory. EURASIA Journal of Mathematics Science and Technology Education 13(8): 4471-4480, 2017.
- Lester H. Literature as fable, fable as argument. Hunt. – Philosophy and Literature 33 (2), 2009. – P. 369-385.
- Tyson E. Rousseau and the fable: Rethinking the fabulous nature of educational philosophy. – Lewis. Educational Theory 62 (3), 2012. – P.323-341.
- Uğur A. La Fable En Tant Qu'un Genre Litteraire Et L'analyse De Fable. – Journal of Turkish Studies 8. Vol.8. Issue 10, 2013. – P. 105-115.
- Әубәкіров О. Сүзеген сөз. Сын-сықақ, мысал, мысқыл. – Алматы: Жазушы, 1973. – 94 б.
- Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
- Байтұрсынов А. Қырық мысал: өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2004. – 120 б.
- Бедный Д. Собрание сочинений в восьми томах. Том 3. Стихотворения, повести. – Москва: Художественная литература, 1964. – 568 с.
- Белинский В.Г. Собрание сочинений в трех томах. Под общей редакцией Ф.М. Гловченко. – Москва: ОГИЗ, 1948. – 932 с.
- Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 384 б.
- Дөнентаев С. Ұрпағыма айтарым: өлең, әңгіме, фельетон, очерк, мақала, естеліктер. / Құраст. баспаға әзірлеген С.С. Дөнентаева. – Алматы: Жазушы, 1989. – 304 б.
- Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогика баспасы, 1960. – 244 б.
- Көбеев С. Орындалған арман. Романдар мен мысалдар. – Алматы: Жазушы, 1988. – 272 б.
- Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. 1-том. 20 томдық шығармалар жинағы. – Павлодар: ЭКО, 2013. – 520 б.
- Крылов И.А. Мысалдар. Орыс тілінен аударған А. Асылбек. – Алматы: Алматы кітап баспасы, 2010. – 236 б.
- Қабдолов З. Сөз өнері (әдебиет теориясының негіздері). Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 1982. – 92 б.
- Құдайбердіұлы Ш. Өкінішті ғұмыр. Шығармаларының үш томдық жинағы. – Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008. – 432 б.
- Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Ғылым, 1977. – 312 б.
- Лафонтен Ж. Басни. – Москва: Библ. Ассамблея Евразии, Российская гос. б-ка, 2015. – 447 с.

- Михалков С. Собрание сочинений в трех томах. Рассказы, сказки, пьесы, басни. – Москва: Детская литература, 1971. – Т.3. – 496 с.
- Сарқұлов А. Қорыққан қораз. – Орал: Полиграфсервис, 2017. – 128 б.
- Смаханұлы Ш. Өнші әтеш: Шымшымалар, сықақтар, мысалдар. – Алматы: Жазушы, 2005. – 200 б.
- Сумаракон А.П. Стихотворения. – Ленинград: Советский писатель, 1953. – 342 с.
- Тоқмағамбетов А. Төрт томдық шығармалар жинағы. Сатиралық шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1984. – 320 б.
- Шахин А. Аманғалидың әзілі. – Орал: Полиграфсервис, 2017. – 128 б.
- Ізтілеуов Т. Назым: Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1982. – 320 б.
- Эзоп. Басни. – Москва: АСТ, 2005. – 379 с.
- Эзоп. Мысалдар. Аударған Ө.Тұрманжанов. И.А. Крылов. Мысалдар. Абай аудармалары. А. Байтұрсынұлы аудармалары. Құрастырған О. Асқар. – Алматы: Балауса, 2005. – 320 б.

References

- Aubakirov O. (1973) *Suzegen soz. Syn-syqaq, mysal, mysqyl* [The word filtered. Criticism, example, sarcasm]. Almaty. 1973. 94 p. (in Kazakh)
- Baitursynov A. (2003) *Adebiet tanytqysh. Zertteu men olengder* [Literature guide. Research and poems]. Almaty. 2003. 208 p. (in Kazakh)
- Baitursynov A. (2004) *Qyryq mysal: olengder* [Forty fable: poems]. Almaty. 2004. 120 p. (in Kazakh)
- Bednyi D. (1964) *Sobranie sochineni v vosmi tomah. Stihotvoreniya, povesti* [Collected works in eight volumes. Poems, stories]. Moskva. 1964. Vol.3. 568 p. (in Russian)
- Belinskii V.G. (1948) *Sobranie sochineni v treh tomah. Pod obshei redaktsiei F.M. Glovchenko* [Collected works in three volumes. Under the general editorship of F.M. Golovchenko]. Moscow. 1948. 932 p. (in Russian)
- Blackham H.J. (2013) *The Fable as Literature. Literary Criticism Landmark Texts* [Bloomsbury Academic Collections]. London. 2013. 253 p. (In English)
- Bokeihanov A. (1994) *Shygarmalar* [Works]. Almaty. 1994. 384 p. (in Kazakh)
- Donentaev S. (1989) *Urpagyma aitarym: oleng, angime, feleton, ocherk, maqala, estelikter* [What I tell my generation: poem, story, feuilleton, essay, article, memoirs]. Almaty. 1989. 304 p. (in Kazakh)
- Ezop (2005) *Basni* [Fables]ю Moscow. 2005. 379 p. (in Russian)
- Ezop (2005a) *Mysaldar* [Fables]. Almaty. 2005. 20 p. (in Kazakh)
- Ilaria M. (2005) *Traces of a Freed Language: Horace, Petronius, and the Rhetoric of Fable. Classical Antiquity*. 2005. Vol.24 (2). P. 307-330. (In English)
- Iztileuov T. (1982) *Nazym: Shygarmalary* [Nazym: Works]. Almaty. 1982. 320 p. (in Kazakh)
- Jumaliyev Q. (1960) *Adebiet teoriasy* [Literary theory]. Almaty. 1960. 244 p. (in Kazakh)
- Kayhan H., Mohammadzadeh B. (2017) *The Use of Fables in Science Laboratory. EURASIA Journal of Mathematics Science and Technology Education*. 2017. Vol.13(8). P. 4471-4480 (In English)
- Kobeev S. (1988) *Oryndalghan arman. Romandar men mysaldar* [A dream come true. Novels and examples]. Almaty. 1988. 272 p. (in Kazakh)
- Kopeily M-J. (2013) *Shygarmalary* [Works]. Pavlodar. 2013. Vol.1. 520 p. (in Kazakh)
- Krylov I.A. (2010) *Mysaldar* [Fables]. Almaty. 2010. 236 p. (in Kazakh)
- Lafonten J. (2015) *Basni* [Fables]. Moscow. 2009. 447 p. (in Russian)
- Lester H. (2009) *Literature as fable, fable as argument. Hunt. Philosophy and Literature*. 2009. Vol.33 (2). P. 369-385 (In English)
- Mihalkov S. (1971) *Sobranie sochineni v treh tomah. Raskazy, skazki, pesy, basni*. [Collected works in three volumes. Volume 3. Stories, fairy tales, plays, fables]. Moscow. 1971. Vol.3. 496 p. (in Russian)
- Qabdolov Z. (1982) *Soz oneri (adebiet teoriasynyng negizderi)* [The art of the word (fundamentals of literary theory)]. Almaty 1982. 92 p. (in Kazakh)
- Qudaiberdiy Sh. (2008) *Okinishti gummyr. Shygarmalarynyn ush tomdyq jinagy* [A sad life. A three-volume collection of his works]. Almaty. 2008. 432 p. (in Kazakh)
- Qunanbaev A. (1977) *Shygarmalarynyng eki tomdyq tolyq jinagy* [A complete two-volume collection of his works]. Almaty. 1977. 312 p. (in Kazakh)
- Sarqulov A. (2017) *Qoryqqan qoraz* [Scared cock]. Uralsk. 2017. 128 p. (in Kazakh)
- Shahin A. (2017) *Amangalidyng azili* [Amangali's joke]. Uralsk. 2017. 128 p. (in Kazakh)
- Smahanuly Sh. (2005) *Anshi atesh: Shymshymalar, syqaqtar, mysaldar* [Singing Rooster: pinches, jerks, examples]. Almaty. 2005. 200 p. (in Kazakh)
- Sumarakov A.P. (1953) *Stihotvoreniya* [Poems]. Leningrad. 1953. 342 p. (in Russian)
- Toqmagambetov A. (1984) *Tort tomdyq shygarmalar jinagy* [Collection of works in four volumes]. Almaty. 1984. 320 p. (in Kazakh)
- Tyson E. (2012) *Rousseau and the fable: Rethinking the fabulous nature of educational philosophy. Lewis. Educational Theory*. 2012. Vol.62 (3). P. 323-341. (In English)
- Uğur A. (2013). *La Fable En Tant Qu'un Genre Litteraire Et L'analyse De Fable. Journal of Turkish Studies*. 2013. Vol.8. Iss.10. P. 105-115. (In French)